

**«Бастауыш оқыту әдістемесі және педагогикасы» және «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарының
2020-2021 оқу жылы бойынша педагогикалық практика есебі**

Оқу жоспарына және оқу кестесіне сәйкес «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» (ДОВ-11, ДОВ-12,) мамандығының 1 курс студенттерін **07.06.2020 – 12.06.2020 ж.** уақыт аралығында кафедрадан «Ерта балалық шақ топтарындағы сараман» оқу сараманынан Әдіскер ретінде «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының оқытушысы Б.Е.Ерболат, Л.А.Федорченко бекітілді.

Даярлық кезеңде машықкер мен әдіскердің және сараман жетекшісінің қатысуымен ұйымдастыру конференциясы оздырылды. Оның барысында студенттер практиканың мақсат-міндеттерімен, іс-әрекет мазмұнымен, практика соңында тапсырылатын құжаттар мен оларға қойылатын талаптармен танысты.

Практика 1 жұма өткізілді. Студенттер практика кезінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметімен, құрылымдық бөлімшелерімен, меңгеруші, әдіскер, тәрбиешінің жұмыс мазмұнымен танысты. Әр түрлі жастағы топтарындағы күн тәртібін талдады, балалардың өзіндік жұмыс кезінде, сабақта, серуенде тәрбиешінің педагогикалық қызметін бақылады.

Ерте балалық шақ топтарындағы оқу практикасының мақсаты білім алушылардың мектепке дейінгі ұйымда ерте балалық шақтағы балалардың дамуын бақылау, оларды тәрбиелеу мен оқытудың педагогикалық үдерісі туралы білімін, біліктілігін, құзыреттілігін дамыту. Практика студенттердің ерте балалық шақтағы балалармен педагогикалық, әдістемелік жұмыстарды меңгеруін қамтамасыз етеді.

Практиканы өтуінің мақсаты: Аталған практиканың мақсаты тәрбиеші мен бала арасындағы педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктері, ерте балалық шақ тобындағы тәрбиеші әрекетін меңгеру функциялары туралы студенттерге толық түсінік қалыптастыру;

Практиканың өтуінің мақсаты білім нәтижесінің (БН) төмендегі жетістіктеріне қол жеткізеді:

білім:

- елестету деңгейінде: жалпы және мектепке дейінгі педагогиканың методологиялық негіздері мен категорияларын; даму заңдылықтарын және мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік қалыптасуын;
- қабылдау деңгейінде: мектепке дейінгі баланың жас ерекшелігін, анатомиялық-физиологиялық және психикалық даму ерекшеліктерінің негізгі заңдылықтарын;
- түсіну деңгейінде: сәби жастағы балалардың жеке ерекшелігін ескеріп, оқу-таным әрекетін ұйымдастыру.

білік:

- теориялық: мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың теориялық негіздерін;
- практикалық: сәби жастағы балалармен ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінің мазмұнын.

дағды: педагогикалық мәдениетті қалыптастыру мен байқау жазбаларын жүргізе, талдай, алынған хабарларды тарата, оларды практика күнделігінде толық және дұрыс бере білуге дағдыландыру

Есеп құжаттарының тізімі

1. Студент практиканттың практика күнделігі
2. Тәрбиеленушіге мінездеме
3. Топқа мінездеме

4. Практика есебі
5. Практикадан өту кезінде студентке берілген мінездеме
6. «Портфолио» (қосымшада көрсетілген) құрылымына сәйкес құжаттар

Студенттер берілген тапсырмаларды жоғары деңгейде орындап, құжаттарын тапсырды.

Оқу жоспарына және оқу кестесіне сәйкес «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» (ПиМНО-11, ПиМНО-15, ПиМНО-12) мамандығының 1 курс студенттерін **17.05.2020-22.05.2020 ж.** уақыт аралығында кафедрадан «Жаратылыстану негіздері» оқу сараманынан өтті.

Әдіскер ретінде «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының оқытушысы Б.Е.Ерболат, Ж.Т.Тапаева, О.А.Панишева бекітілді.

Бастапқы кезеңде машыккер мен әдіскердің және сараман жетекшісінің қатысуымен ұйымдастыру конференциясы оздырылды. Оның барысында студенттер практиканың мақсат-міндеттерімен, іс-әрекет мазмұнымен, практика соңында тапсырылатын құжаттар мен оларға қойылатын талаптармен танысты.

Мақсаты - бұл «Жаратылыстану ғылымы бастауыш мектепте жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі» пәні бойынша теориялық білімді, білік пен дағдыны бекіту және тереңдету.

Міндеттері:

- Жергілікті флора мен фаунаның негізгі түрлері, туған жер беті туралы білімдерін қалыптастыру;
- Өсімдіктер мен жануарларды дұрыс анықтауға үйрету;
- Табиғатта фенологиялық бақылаулар жүргізу;
- Кеңістікті бағдарлау және жер бедеріне көз түсіру дағдыларын бекіту;
- Тәжірибе аймағында өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік формаларының және экологиялық топтарының алуан түрлілігімен танысу;
- Осы салада зерттеу дағдыларын тұжырымдау.

Практика 1 жұма өткізілді. Студенттер өзен көлдермен, жер бедерлерімен, табиғат құбылыстарымен, табиғатта болатын өзгерістер, аң құстар, өсімдіктермен танысып білді. Олар осы алған көрген білімдерін практикада құжаттар жинау арқылы көрсетті. Болашақта алдағы сабақтарына қолданамыз деген ой түйді.

6В01201 «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 2 жеделдетілген және 3 курс студенттері **5.04.21-01.05.21ж.** уақыт №17 «Родничок» жалпы орта білім беретін мектептерін, сұраныстары бойынша рұқсат берілген балабақшаларына практикадан өтуге жіберілді. Топтарға әдіскерлері болып Ерболат Б.Е., Федорченко Л.А., Нәбиева Ж.Ж. бекітілді.

Мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастыру және оны басқарумен таныстыру. Мектепке дейінгі ұйымның нормативтік-құқықтық базалық мазмұны. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары. Менгеруші, әдіскер, тәрбиеші және басқа қызметкерлердің әрекеті. Тәрбиеші әрекетін бақылау және талдауды ұйымдастыру. Әдістемелік жұмыс формалары: педагогикалық кеңес, семинар, семинар-практикум, дөңгелек үстел, тренинг, іскерлік ойын және тағы басқа. Мектепке дейінгі ұйымдағы қоғамдық іс-шараларға араластыру (конкурсы, мерекелер, ашық есік күндері, балалар жұмысынан көрме және тағы басқа). Дидактикалық материалдар және көрнекіліктер дайындау.

Есеп құжаттарының тізімі

1. Білім туралы заң

2. Студент практиканттың практика күнделігі
3. Студенттің жеке жұмыс жоспары
4. Тәрбие жұмыс жоспары
5. Тәрбиешімен бекітілген ұйымдастырылған оқу қызыметінің жоспары
6. Тәрбиеленушіге мінездеме
7. Топқа мінездеме
8. Практикадан өту кезінде студентке берілген мінездеме
9. Қосымша дидактикалық материалдар
10. Видео материал
11. Фотокаллаж
12. Циклограмма
13. Практика есебі
14. «Портфолио» (қосымшада көрсетілген) құрылымына сәйкес құжаттар

Сараман біткен соң студенттер өз құжаттарын корғады.

Әбсұлтан Аружан Ермаханқызы, 3-курстағы педагогикалық сараманды Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылы №18 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасында өткіздім.

Педагогикалық сараман кезінде мен «Балдырған» ересектер тобына машыккер болып бекітілдім. Өтеулі Рабиға Алматқызы менің педагогикалық сараман жетекшім болып бекітілді. Топта барлығы 16 бала. Барлығының ұлты казак .

Топпен тиянақты түрде жұмыс істеуге тырыстым. Өз қабілетімді барынша пайдаландым. Өзімнің бойымдағы тәрбиешілік мамандыққа деген тұрақты қызығушылығым мен сүйіспеншілік сезімімді педагогикалық сараман кезінде барынша дамытуға әрекет жасадым.

Топ балаларымен таныстым. Болашақ тәрбиеші ретінде балабақша мекемесінің ұжымының міндеттерімен, құқықтарымен таныстым. Сонымен қатар , балалардың міндеттері мен құқықтарымен толық танысып шықтым.

Топтағы балалардың оқу іс-әрекетіне дайындық деңгейі жоғары. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындалған кезде қиындық балалардың тіл алмай шулай беруі болды. Сонымен қоса тез шаршап қалуы қиындық келтірді. Балаларды белсендіру мақсатында оқу іс –әрекеті кезінде ойындар ойнаттым , сергіту сәттерін жасаттым . Оқу іс-әрекеті барысында жекелендірілген жұмыс жүргізу барысында, әлсіз балалармен жұмыс жасадым. Ең алдымен балаға мотивация беріп . баланың қызығушылығын таптым . Ал дарынды балалармен жұмыс жасау өте тиімді өтті. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ынтымақтастық мақсатында топпен көптеген жұмыстар жүргіздім, және әртүрлі технологиялар пайдаландым . Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында шығармашылық жұмыс жасау қызықты өтті. Себебі балалардың ойлау қабілеті дамыды, сөйлеу тілі жақсы қалыптасты әрі көңілді өтті.Сараманнан өту барысында ең қызықты шығармашылық істер олар зертханалық жұмыс жасау және би үйрету (1-мамырға) . Сараман барысында балалармен жұмыс жасауды үйрендім, балалармен қалай сөйлесу керектігін және балаларды қалай ынталандыру қажеттігін меңгердім. Тәрбиелік жұмыстар барысында балалармен қиындықтар болған жоқ.

Педагогикалық сараманнан өту барысында маған қиындықтар туындаған жоқ . Бұл балалармен жақсы тіл табысып, жақсы қарым-қатынас жасай алатынымды дәлелдейді. Балалармен жұмыс жасау маған қызықты өтті . Тәрбиеші апайларда өз мамандықтарының шебері екені сөзсіз байқыдым. Маған балалармен жұмыс жасау ұнады.

Онаш Тілекші Оңашқызы, 05.04.2021-01.05.2021жж күндер аралығында педагогикалық сараманнан өттім. Сараман кезінде «Ақшағала» бөбекжайы» МКҚК-ның ережесімен, бөбекжай төлқұжатымен таныстым. Бөбекжай директоры Сәдуова М.М. әдіскер Мамбеталиева Ғ.К. «Балдырған» ересек тобының тәрбиешілері Абдуллаева Ғ.К. Сары Н. таныстым. Топта 25 бала бар ,олардың ішінде ер балдар саны - 10 , қызбалдар саны - 15 . Топтағы балалар өте ақылды, зейінді, ұқыпты, зерек, айтқанды тез ұғыпалады. Тәрбиеші өткізген ұйымдастырылған оқу қызметі болсын, дидактикалық ойындар болсын , барлығына өте белсенділікпен, қызығушылықпен қатысады. Сонымен қатар, тәрбиешінің іс-әрекетін бақылай отырып, өзім көп тәжірибе жинадым. Маған бұл топтың балаларының жауапкершілік тілігі, ізденімпаздығы, бір-бірімен татулығы, қандай тақырып болсын оларын ашық жеткізе алатындығы ұнады. Мен балаларға түрлі жаттығуларды, қазақтың ұлттық ойындарын үйрете отырып, олардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін ояттым. Мен бұл сараманнан тәрбиешінің бойында болу керек жауапкершіліктің, жан-жақты болудың қыр-сырын үйрендім. Сабақты балаларға қалай қызықты өткізу керектігін, олардың алдында өзімді қалай ұстау керек екенін үйрене жүріп, көп тәжірибе жинадым. Бұл сараман болашақта білікті маман иесі болуыма көп септігін тигізеді деген ойдамын.

Сәби Ақтолқын Аманқосқызы, сараман кезінде «Ақшағала» бөбекжайы» МКҚК-ның ережесімен, бөбекжай төлқұжатымен таныстым. Бөбекжай директоры Сәдуова М.М. әдіскер Мамбеталиева Ғ.К. «Балдырған» ересек тобының тәрбиешілері Мамбеталиева Ғ.К. таныстым. Топта 20 бала бар ,олардың ішінде ер балдар саны - 9 , қызбалдар саны - 11 . Өзқабілетімді барынша пайдалануға тырыстым.

Өзімнің бойымдағы тәрбиеші мамандыққа деген тұрақты қызығушылығым мен сүйіспеншілік сезімдерімді педагогикалық іс-тәжірибе кезінде барынша дамытуға тырыстым. Топтағы балалар зерек, өте ақылды, зейінді, ұқыпты, айтқанды тез ұғыпалады. Мен бұл сараманнан тәрбиешінің бойында болу керек жауапкершіліктің, жан-жақты болудың қыр-сырын үйрендім. Сабақты балаларға қалай қызықты өткізуге керектігін, олардың алдында өзімді қалай ұстау керек екенін үйрене жүріп, көп тәжірибе жинадым.

Сараман біткен соң студенттерге онлайн ZOOM бағдарламасымен қортынды конференция ұйымдастаралап, есептер алынды. Практика құжаттарына сай студенттерге бағалары қойылды.

6В01301 «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» (ПиМНО\у-23, ПиМНО\у-24, ПиМНО-31, ПиМНО-32.) мамандығының 2 жеделдетілген, 3 курс студенттерін 5.04.21-01.05.21 уақыт аралығында №1,20 ЖОББМ және сұраныстары бойынша мектептерге жіберілді. Топтарға әдіскер ретінде Федорченко Л.А., Ерболат Б.Е., Тажгулова Д.З. бекітілді. Топтар практика шықпас бұрын әдіскерлер мен студенттердің қатысуларымен оқу конференциясы оздырылды. Практика мақсаты мен міндеттері таныстырылып практика барысындағы құжаттар мен жұмыстары түсіндірілді.

Практиканың міндеттері:

1. Мұғалім іс-әрекетінің объектісі – тұтас педагогикалық процесті сезінуі.
2. Озін-өзі дамыта білетін оқушы тұлғасын қалыптастыруда педагогтың жетекші роль атқаруы, тұтас педагогикалық процестің субъектісі болып табылатын мұғалім мен оқушының өзара әрекетін ұғыну.
3. Сыныптағы тұтас педагогикалық процесте сынып жетекшісінің және пән мұғалімінің оқыту, тәрбиелеу және дамыту қызметін іске асыруы.

4. Тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайында бүгінгі күнгі білімдік-тәрбиелік технологияларын меңгеруі.
5. Оқу бойынша жанартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету.
6. Таңдап алынған проблемасына сәйкес педагогикалық-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру.

Практика бойынша студенттердің есеп құжаттары:

1. Педагогикалық күнделік;
2. Практика жетекшісінің (сынып жетекшісінің) және мекеме басшысының қолдарымен, сондай-ақ мекеменің мөрімен практикадан өту орнынан бағасы бар мінездеме. Мінездемеде студенттің практикадан өту уақытын, студент орындаған жұмыс түрлерін, студенттің кәсіби және жеке ерекшеліктерін сипаттауы керек.
3. тақырыптық-күнтізбелік және тәрбие жұмыс жоспарлары;
4. сыныптан тыс немесе тәрбиелік шараның жоспары;
5. сыныпқа және оқушыға педагогикалық-психологиялық мінездеме;
6. әр пәннен ұйымдастырылған қысқа мерзімді жоспарлар;
7. сапалы дайындалған көрнекіліктердің үлгілері;
8. студенттің жеке жұмыс жоспары
9. педагогикалық практика бойынша есеп.

Студенттер практика кезіндегі көрген тәжірибелерін ортаға салды.

Базарбай Жадыра Самигуллакызы 2020-2021 оқу жылы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жаңабұлақ ауылындағы Жаңабұлақ ЖОББМ-нен сараманнан өттім. Онда 3-сыныпқа машықкер ретінде сабақ бердім. Қазақ тілі, әдебиет, математика пәндерінен сабақ өткіздім. Өз сабақтарымда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдандым. Толығырақ айтсам кім жылдам, аялдама, ыстық орындық, миға шабуыл, топтық жұмыстар жүргіздім. Бағалауға: бағдаршам, бесбармақ, смайлик арқылы балалар кері байланысқа: алма ағашы, екі жұлдыз, бір тілек әдістерді қолдандым.

Мағзомова Мадина Керейқызы 2020-2021 оқу жылында Мақат ауданы, Доссор кентіндегі С.Шарипов атындағы мектеп интернатында сараманнан өттім. Маған 3-сынып берілді. Қазақ тілі, Жаратылыстану, әдебиет, математика пәндерінен сабақ өткіздім. Сабақта әдіс-тәсілдерді көп пайдаландым. Оқушылар өте жақсы, зерек болды.

Айтқали Айсәуле Аманжанқызы 3 курстың аяғында Б.Қаратаев атындағы Саралжын жалпы орта білім беретін мектебінен сараманнан өттім. Маған 3-сынып берілді. Мен сараманнан өткен кезде 3 ашық сабақ өткіздім. Математикадан сабақ өткізгенде ойын әдісін өткіздім. Слайдтар дайындап оқушыларға интерактивті тактадан көрсетіп, сабақтар қызықты өтті. 3 сынып оқушылары өте зерек оқушылар болды.

Шахтыбаева Сәнгүл Маратқызы. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұшықұдық ауылы, С.Жаңғабылов атындағы жалпы орта білім беретін мектептен машықтан өттім. Маған 1-ші сынып берілді. Мен оларға сабақ беріп, “сағаттар” тақырыбында ашық сабақ өткіздім. “Наурыз” тақырыбында тәрбие сағат өткіздім. Жна әдістер қолданып, сабағымды қызықты өткіздім. Оқушыларымның қызығушылығын аша білдім. Жақсы деген деңгейде бағалады.

Амантаева Айслу Мирасбекқызы БҚО, Орал қаласы, №20 жалпы білім беретін мектептен машықтан өттім. Маған 2-ші берілді. Мен оларға сабақ беріп, сонымен қатар “түлкі мен тиын” тақырыбында ашық сабақ өткіздім. Жаңа әдістер мен технологияларды қолдандым. Сараманнан жақсы деген деңгейде өттім.

Абдешова Аружан Алімғалиқызы, 3-курстағы педагогикалық іс-тәжірибемді “Карманов мектеп-бөбекжай-балабақша” кешенінде өткіздім. Маған 2”А” сыныбы бекітілді. Өз қабілетімді барынша пайдалануға тырыстым. Сараман барысында үш ашық тәрбие сағатын өткіздім. Сонымен қатар мұғалімдердің сабақ үйрету әдіс-тәсілдерін, оқушылармен қалай тіл табыса жұмыс жасай білу керектігін қадағалап қана қоймай, оқушыларды да бақылау үстінде болдым. Сабақ беру барысында, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, уақытымды үнемді пайдаланып, қойылған мақсатыма жете білдім. Әр сабағыма аса жауапкершілікпен қарап, жан-жақты дайындалып, тапсырмаларды оқушылардың деңгейлеріне қарай дайындадым.

Тегисова Айгерим Максатқызы. М.Өтемісов атындағы БҚУ студентімін. 05.04.2021 – 01.05.2021 аралығында Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, “Үстірт жалпы білім беретін мектеп” КММ-де үздіксіз сараманнан өттім. Менің сыныбым 1“А” сыныбы. Ол сыныпта 20оқушы бар. Барлығы дерлік сабаққа белсене қатысып отырады. Ашық сабақтарға, тәрбие сағаттарына жақсы қатысып отырады.

Серикбаева Асел Ахмедовна Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, №1 жалпы орта білім беретін мектептен машықтан өттім. Маған 1-ші сынып берілді. Оларға сабақ беріп, сонымен қатар, ашық сабақтар өткіздім. Жаңа әдіс пен технология қолдандым. Дүниетану, сауат ашу сабақтарынан бердім. Жақсы деңгейде алып шықтым.

Елубаева Аксауле Амангелдиқызы. Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ студенті. 05.04.2021 – 01.05.2021 аралығында Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, “Үстірт жалпы білім беретін мектеп” КММ-де үздіксіз сараманнан өттім. Ол аралықта сыныппен, сынып жетекшісімен танысып, тәрбие сағаттары мен ашық сағаттар өткіздім. 1“Б” сыныбы өте ұйымшыл, сабақ үлгерімі жақсы сынып болды деп айта аламын.

Үсембаева Шолпан Ерғалиқызы. 2020-2021 оқу жылы Түркістан облысы, Береке ауылындағы Әл-Фараби атындағы жалпы орта білім беретін мектепте практикадан өттім. Онда 4-сыныпқа машықкер ретінде сабақ бердім. Математика, қазақ тілі, әдебиет пәндерінен ашық сабақ өткіздім. Өз сабақтарымда өзіндік жұмыс, кері байланыс әдістерін пайдаландым. Дене шынықтыру сабағында оқушылармен нысанаға дәл тигізу және тоғызқұмалақ ойынын ойнаған болатынбыз.

Сейлхан Арайлым Галғатқызы 2020-2021 оқу жылында БҚО Орал қаласы №20 жалпы орта білім беретін мектептен машықтан өттім. Маған 2-сынып берілді. 4 апталық сараман кезінде 1-2 апталарда сабаққа қатысып, сыныпты бақыладым. 3-4-ші аптада көркем еңбек, жаратылыстану пәндерінен сабақ өткіздім. Кері байланыс, алты қаппак әдістерін қолдандым. Алған сыныбым өте белсенді болды.

Өтежанова Жанерке Серғалиқызы 2020-2021 оқу жылы БҚО, Орал қаласы №22 жалпы білім беретін мектепте практикадан өттім. 1-ші сыныпқа машықкер ретінде сабақ бердім. Математика, сауат ашу пәндерінен ашық сабақ өткіздім. Әрбір оқушыны бағалап, бақыладым. Сабақтарында өзіндік жұмыс, кері байланыс әдістерін пайдаландым.

Түгел Меруерт Абайқызы, 2020-2021 оқу жылы аралығындағы III курста, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласындағы, №11 жалпы білім беретін мектепте 1-сыныптан 1-ай практикалық сараманнан өттім. Сыныпқа кейбір пәндерден сабақ жүргізіп, тапсырмаларды орындауына көмектестім. Апта соңында мектеп онлайн оқу бағдарламасына көшкендіктен оқушыларға онлайн түрде “Қазақстан халқының бірлігі күні” атты тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Жораева Оразгүл Жақсылыққызы. 05.04.2021 – 01.05.2021ж мерзім аралығында педагогикалық сараманын Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылының №14

орта мектептен өтіп келдім. Практикада мен күнделікті сабаққа қатыстым. 1 сынып оқушыларына сабақ бердім. Сараман кезде оқушылардан оған қылық байқамадым, өткізген ашық сабақтарыма белсенді қатысты. Сұрақтарын қойып, кері байланыс жүргіздік. 1 сынып жетекшісі менімен бар білгендерімен бөлісті. Мен сауат ашу пәнінен “Ас атасы-нан” тақырыбында сабақ өткіздім. Көрнекіліктерді пайдалана отырып, кітаппен жұмыс жасадық. Мектеп онлайн түрде оқуға көшіп кеткендіктен, онлайн-видео түрінде “Бірлігіміз жарасқан” атты тәрбие сабағын өткіздім.

Сараман біткен соң студенттерге онлайн ZOOM бағдарламасымен қортынды конференция ұйымдастаралап, есептер алынды. Практика құжаттарына сай студенттерге бағалары қойылды.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 4 курс (ДОВ-41, ДОВ-у/33 тобы) студенттері **2021 жылдың 18.01 – 10.04** уақыт аралығында практикадан Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының білім беру бөлімінің №17 «Родничок» бөбекжайына және ДОВ-41 топ студенттері Асқарова Айгерім Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы Үлкен Шаған «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені жанындағы «Балдәурен» балабақшасынан, Қалилаева Ақниет Қызылорда облысы, Арал ауданы, «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасынан, Искакова Иралья Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, «Ақжайық жалпы орта білім беретін мектебінен», Нұрмұхан Аружан Маңғыстау облысы Ақтау қаласы, №44 "Шаттық" бөбекжайы " бөбекжай-балабақшаларына жіберілді. Асқарова Айгерім Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы Үлкен Шаған «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені жанындағы «Балдәурен» балабақшасынан сараманнан өттім. Маған берілген топ ортаңғы топ. Тәрбиешілері Сабирова Нургуль Серікқызы және Аманғалиева Салтанат Маликқызы. Топта барлығы 15 бала. Барлығының ұлты қазақ.

Машықтың алғашқы күндері топпен, тәрбиешімен, мекеме ұжымымен таныстым. Барған күннен бастап мені жылы қабылдады. Балалармен тез тіл табысып, жақсы қарым-қатынас орнаттым. Балаларды бақылау арқылы тәжірибе жинақтадым. Балалар аз болғандықтан, өткізілген оқу қызметін өте жақсы қабылдайды. Оқу қызметі барысында сергіту сәттері өткізіліп, ойындар ойнатылып отырады. Жаңа ойын түрлерімен, оқу қызметтерімен таныстым. Машықтан өту барысында тәжірибе үстіне тәжірибе жинақтадым деп ойлаймын. Өзімнің бойымдағы тәрбиеші мамандығына деген қызығушылығым мен сүйіспеншілік сезімдерін пайдаланып, тиянақты түрде машықтан өттім.

Машық жоғары деңгейде өтті. Машық уақытында жинақтаған іс-тәжірибем маған болашақта үлкен көмек болады деп сенемін.

Искакова Иралья Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, «Ақжайық жалпы орта білім беретін мектебінен» Бөбекжай директоры Сағынғалиева Шакиза Аманқызы, Әдіскер Назгуль Амирбекқызымен, «Қуаныш» ересек тобының тәрбиешісі Жадыра Сәлімқызымен таныстым.

Қуаныш ересек тобында 27 бала бар, олардың ішінде ер балдар саны - 12, қыз балдар саны - 15. Топтағы балалар өте ақылды, зерек, ұқыпты, мектепке баруға дайын балалар. Балалар сабаққа өте белсенді қатысады. Қандайда болмасын тапсырма берілсе бұлжытпай орындап келеді. 12-сәуір күні тәрбиеші екеуміз Ғарышкерлер күніне арналған ашық сабақ өткіздік. Балаларға өткізілген ашық сабақтың мақсаты-ғарыш туралы қызықты деректер айтып, жас ұрпақтың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, елін, жерін, сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу, ғарышкерлерге деген құрмет сезімге баулу.

Әбдінағи Нәзігүл Қызылорда облысы, Арал қаласы, «Қарлығаш» балабақшасына Сабакты балаларға қалай қызықты өткізудің де өзінің бір қыр сырлары бар екенін де түсіндім. Тәрбиешінің бойында болу керек ең жақсы қасиеттің бірі-жауапкершілік пен шыдамдылық ең бірінші орында тұруы тиіс. Осы қасиеттер бооса ғана өз маманынның хас шебері болуға болады. Осы сараман барысында барлық үйренгенімді алдағы уақытта өз тәжірибиемде қолданатын боламын.

Топтағы балалардың оқу іс-әрекетіне дайындық деңгейі жоғары. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындалған кезде қиындық балалардың тіл алмай шулай беруі болды. Сонымен қоса тез шаршап қалуы қиындық келтірді. Балаларды белсендіру мақсатында оқу іс-әрекеті кезінде ойындар ойнаттым, сергіту сәттерін жасаттым. Оқу іс-әрекеті барысында жекелендірілген жұмыс жүргізу барысында, әлсіз балалармен жұмыс жасадым. Ең алдымен балаға мотивация беріп, баланың қызығушылығын таптым. Ал дарынды балалармен жұмыс жасау өте тиімді өтті. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ынтымақтастық мақсатында топпен көптеген жұмыстар жүргіздім, және әртүрлі технологиялар пайдаландым. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында шығармашылық жұмыс жасау қызықты өтті. Себебі балалардың ойлау қабілеті дамыды, сөйлеу тілі жақсы қалыптасты әрі көңілді өтті. Сараманнан өту барысында ең қызықты шығармашылық істер олар зертханалық жұмыс жасау және би үйрету (1-мамырға). Сараман барысында балалармен жұмыс жасауды үйрендім, балалармен қалай сөйлесу керектігін және балаларды қалай ынталандыру қажеттігін меңгердім. Тәрбиелік жұмыстар барысында балалармен қиындықтар болған жоқ.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 4 курс (ДОВ-41, ДОВ-у/33 тобы) студенттері **2021 жылдың 18.01 – 10.04** уақыт аралығында практикадан өтуге №45 «Нұрсәт», №48 «Мұрагер» және ДОВ-у/33 топ студенттері Ахашева Индира Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Алмаз ауылы, Алмаз ОЖББ мектеп – балабақшасына, Әбдінағи Нәзігүл Қызылорда облысы, Арал қаласы, «Қарлығаш» балабақшасына, Майдушева Альбина БҚО, Жәнібек ауданы, Қамысты ауылы МКҚК «Балбұлақ» бөбекжайына, Мухтарова Жанерке БҚО, Сырым ауданы, Қоңыр ауылы А.Жұмағалиев атындағы Жосалы орта мектеп – балабақша кешеніне, Темирболатова Аяулым БҚО, Жәнібек ауданы, Тау ауылы МКҚК «Қайрат» бөбекжайына, Нұралиева Гулдерайым БҚО, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылы «Ақ бота» балабақшасына, Тлекқабылова Асемгул БҚО, Шыңғырлау ауданы, Ащысай ОЖББ мектеп – балабақшаларына жіберілді.

Бұл практиканың мақсаты мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстың негізгі әдістемелік тәсілдерін үйренуді қамтамасыз ету болып табылады. Практиканың ерекшелігі студент алған білімі негізінде өз қабілетін, мүмкіндігін көрсету үшін өз бетімен жұмыс жасайды. Әдіскер ретінде «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының оқытушысы Мухиева Г.С бекітілді.

Практиканың өтуінің мақсаты білім нәтижесінің (БН) төмендегі жетістіктеріне қол жеткізеді:

білім:

- елестету деңгейінде: мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі, аға тәрбиеші, тәрбиеші т.б. қызметкерлердің педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын;
- қабылдау деңгейінде: мектепке дейінгі баланың жас ерекшелігін, анатомиялық-

физиологиялық және психикалық даму ерекшеліктерінің негізгі заңдылықтарын;

- түсіну деңгейінде: мектепке дейінгі ұйымды басқару процесін.

білік:

- теориялық: аға тәрбиешінің қызметін іске асыруға қажетті біліктіліктер мен дағдыларды;

- практикалық: мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға ата-аналарды тарту әдістері мен инновациялық формаларын.

дағды:

- педагогикалық мәдениетті қалыптастыру мен байқау жазбаларын жүргізе, талдай, алынған хабарларды тарата, оларды практика күнделігінде толық және дұрыс бере білуге дағдыландыру.

Практиканың мазмұны: мектепке дейінгі ұйымды ұйымдастыру және оны басқарумен таныстыру. Мектепке дейінгі ұйымның нормативтік-құқықтық базалық мазмұны. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары. Меңгеруші, әдіскер, тәрбиеші және басқа қызметкерлердің әрекеті. Тәрбиеші әрекетін бақылау және талдауды ұйымдастыру. Әдістемелік жұмыс формалары: педагогикалық кенес, семинар, семинар-практикум, дөңгелек үстел, тренинг, іскерлік ойын және тағы басқа. Мектепке дейінгі ұйымдағы қоғамдық іс-шараларға араластыру (конкурсы, мерекелер, ашық есік күндері, балалар жұмысынан көрме және тағы басқа). Дидактикалық материалдар және көрнекіліктер дайындау.

Бұл практикадан өтуге мектепке дейінгі ұйымдар студенттерді қабылдауға даяр болды. Бірақ кейбір студенттеріміз елімізде болып жатырған жағдайға байланысты машықтан онлайн өтулеріне тура келді. Бір апта бұрын бөлінген топтары бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жоспарлау циклограммаларымен танысып, әдістемелік папка жасақталды.

Даярлық кезеңде студенттер және әдіскерлердің қатысуымен ұйымдастыру конференциясы оздырылды. Оның барысында студенттер бөлініп, оларға әдіскерлер бекітілді. Сондай-ақ, машықкерлер практиканың мақсат-міндеттерімен, іс-әрекет мазмұнымен, практика соңында тапсырылатын құжаттар мен оларға қойылатын талаптармен танысты.

Практика 12 апта бойы жүргізілді. Бірінші аптада бақылау жұмыстары, яғни студенттер балаларды және жалпы топ ішілік тәртіпті толық меңгеріп, таңғы, түскі, бесіндік тамақтануға апарып, таңғы жаттығуларын қадағалап, ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысып, балалардың іс-әрекеттерін, сабаққа көзқарастарын күнделікті зерттей отырып, сабаққа толық педагогикалық-психологиялық немесе ішінара талдау жасап, бақылағандарын арнайы күнделікке жазып, толтырып отырды.

Екінші аптадан бастап студенттер өз топтарының оқу-тәрбие жұмысына араласып, 5 білім беру салалары бойынша бойынша сабақ беруге кірісті және тәрбиешілік міндетін атқарды, яғни болашақ тәрбиеші ретінде барлық жұмыстарға қатысып, үйренуге ынталанды.

Педагогикалық сараман барысында әдіскерлер және тәрбиешілер студенттерге кәсіптік - әдістемелік көмек көрсетіп, нұсқау беріп, қателіктерін түзеп отырды. Студенттер балабақша топтарындағы педагогикалық үрдісті ұйымдастыруымен және мазмұнымен танысты, сәби шақтағы балаларды дамыту және тәрбиелеу ерекшелігін анықтады, ойындық қызметті ұйымдастырды және өздеріне сенімді болып, еркін ұстауы, жауапкершілікті сезінуі, ізденімпаздықтары т.б. байқалды.

Студенттер онлайн қорытынды конференцияға есеп бойынша слайдтар дайындады. Студенттер тапсырмаларды орындау барысында үлгермейтін, қабылдауы нашар балалармен де жұмыс жүргізгендігі, балалардың серігулері үшін дайындап апарған сергіту сәттері балалардың да, тәрбиешінің де көңілінен шыға білгендігі, балалардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін олармен түрлі ойындар ұйымдастырғандығы, әдіскерлерімен бірге семинар өткізгендігі, балабақшада бар көрнекіліктермен де жұмыс жасауды үйренгендіктері және тәрбиеші мамандығын жақсы қырынан көрулеріне көп мүмкіндік алғандығы туралы айтып берді.

Педагогикалық сараман кезінде студенттер теориялық білімдерінің, біліктілігінің, мәдени тұрғыда болашақта жоғарғы маман иелері болулары мүмкін екендігін көрсете білді. Студенттердің ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары болды. Сараман барысында осы қасиеттерімен балаларға талап қоя білді және өздерін сыйлата алатындықтарымен көзге түсті. Сабақтарды өткізуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, қосымша көрнекілік құралдарды орынды қолданып, жаңа инновациялық технология әдістерін пайдаланды, интерактивті тақтамен жақсы жұмыс жасай білді. Студенттер онлайн конференцияға барлығы қатысып, толық бағаланды.

Жаңартылған білім мазмұны аясында педагогикалық мамандықтардың 4-курс студенттеріне арналған педагогикалық практика бағдарламасы бойынша 6В01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» (ПиМНО-41, ПиМНО\у-33,) мамандығының 4 курс студенттері 18.01.21 – 10.04.21ж. уақыт аралығында төмендегі мектептерге педагогикалық сараманнан өтуге және 12.04.2021 – 01.05.2021ж. аралығында мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасынан дипломалды сараманнан өтуге жіберілді.

Студенттердің барлығы жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқитын сыныптарға бөлінді. Бұл практиканың мақсаты студенттердің алдыңғы курста алған білім, білік, дағдыларын жетілдіру және өз бетінше жүргізетін кәсіби-педагогикалық қызметке дайындығын анықтау болып табылады. Әдіскер: Ж.Ж.Нәбиева

Даярлық кезеңде студенттер және әдіскерлердің қатысуымен ұйымдастыру конференциясы оздырылды. Оның барысында студенттер бөлініп, оларға әдіскерлер бекітілді. Сондай-ақ, машыккерлер практиканың мақсат-міндеттерімен, іс-әрекет мазмұнымен, практика соңында тапсырылатын құжаттар мен оларға қойылатын талаптармен танысты.

Бір апта бұрын бөлінген сыныптары бойынша оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары (ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ) және тәрбие жұмысының жопарын алып, танысып, жеке пәндер әдістемесі бойынша әдістемелік папка жасакталды. Студенттермен бірге оқу жоспарларын қарастыру барысында ортақ тақырыптардың және тілдік мақсаттардың маңызы талқыланды. Сонымен қатар,

- белсенді оқытудың артықшылықтары мен қиындықтары қандай?,
- оқудағы кедергілерді қалай жоюға болады?,
- оқудың қандай белгісіне қарап оны белсенді оқу деп айта аламыз?,
- белсенді оқушылармен жұмыс жасау үшін қандай әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады?, т.б.сұрақтар аясында студенттермен әңгімелесу жүргізілді

Критериалды бағалау қағидаттарын және критериалды бағалау жүйесінің мазмұнын бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықтан және интернеттағы материалдарды <http://www.cpm.kz>, <http://www.nao.kz>, <http://smk.edu.kz>

порталдарына тіркелу арқылы ұсынылған оқу – әдістемелік материалдарын қарастыру барысында танысты.

Практика мақсаты - оқу пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан студенттердің педагогикалық дағды мен күзіреттілігін қалыптастыру

Міндеттері: оқу пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру; жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету; оқу бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету; студенттердің бойында жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Практика 8 апта бойы 3 бағытта жүргізілді: зерттеу, іске асыру, рефлексия.

Бірінші аптада бақылау жұмыстары, яғни студенттер оқушыларды меңгереді, мұғалімдердің сабақтарына, сыныптан тыс жұмыстарына қатысты. Сабаққа толық педагогикалық-психологиялық немесе ішінара талдау жасап, бақылағандарын арнайы күнделікке жазып, толтырып отырды. Студенттердің өткізілетін сабақтарының тақырыптарын анықталып, жоспар құрылды.

Сонымен қатар студенттер жаңартылған білім беру мазмұнын толықтай түсіну мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізіп:

- <http://www.cpm.kz>, <http://www.nao.kz>, <http://smk.edu.kz> порталдарына тіркеліп және ұсынылған оқу – әдістемелік материалдармен танысты.
- оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары (ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ) және тәрбие жұмысының жопарын алып, танысып, жеке пәндер әдістемесі бойынша әдістемелік көмек алды;
- оқу үдерісінде оқушылардың іс-әрекетін білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында ұйымдастырудың маңыздылығын ұғынды;
- қысқа мерзімді жоспар дайындауда және тапсырмаларды құрастыру мен оқушылардың сабақтағы қызметін ұйымдастыруда ортақ тақырыптар жүйесін сақтайтындығын анықтады.
- пән бойынша белгіленген сабақ мақсатына сәйкес сараланған тапсырмалар дайындады;
- оқу материалы бойынша Блум таксономиясы ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес сұрақтар даярлау жұмыстарын жүргізді;
- қалыптастырушы бағалаудың мақсаты мен қағидағары, қалыптастырушы бағалау үдерісіндегі мұғалімнің және оқушының рөлі, қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен оларды құрастыру алгоритмін түсінді;
- Жиынтық бағалаудың мазмұны және ұйымдастыру тәртібін анықтады;

Екінші аптадан бастап студенттер мектептің оқу-тәрбие жұмысына араласып, барлық пәндер бойынша сабақ беруге кірісті және сынып жетекшілік міндетін де қоса атқарды. Барлық сабақтар жақсы әдістемелік деңгейде сынып мұғалімінің қатысуымен өткізілді. Практика кезінде әр студент күнделік жүргізіп отыр, оған күнделікті жүргізген оқу-тәрбие жұмысын жазып, талдады. Сыныптағы бір оқушыға психологиялық-педагогикалық мінездеме жазу үшін зерттеу материалдарын жинақтады.

Практика кезінде студенттердің оқу-тәрбие жұмыстарында байқалған жақсы жақтары көп болды: өздеріне сенімді болып, еркін ұстауы, жауапкершілікті сезінуі, сабақты түрлендіріп (жаңа технология элементтерін пайдалана алуы) өткізуі, көрнекіліктері эстетикалық талапқа сай болуы, мұғалімдердің ашық сабақтарына өзара сабаққа қатысулары, ата-аналар жиналысын өткізуі, ізденімпаздықтары т.б. Дипломдық жұмыстар тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды конференция онлайн түрде өткізіліп, студенттердің рефлексивті есебі слайд түрінде тыңдалды және олардың жұмыстарына әдіскерлер пікірлерін білдіріп, оң баға берді. Студенттер белсенді оқыту мен оқуды ұйымдастырудың артықшылықтары мен қиындықтары, оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес сараланған тапсырмаларды қолданудың нәтижесі, сабақ барысында диалог орнату және тиімді сұрақтар қою нәтижесі, қалыптастырушы бағалау тиімді болуы үшін жасалған қадамдар, одан арғы даму бағыттары бойынша қысқаша сөз сөйледі.

Студенттердің берген есебіне тоқталсақ, сараман кезінде мектеп мұғалімдері мен әдіскер-оқытушылардың көмегімен талап етілген жұмыстардың барлығын жауапкершілікпен сәтті аяқтап, көп нәрселерді үйреніп, жоғары жетістіктерге жеткендерін айтты. Сабақтарында оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолданған.

Мәселен, топ студенттерінің есептеріне тоқталсақ.Топ студенті Ізтұрғанова Гүлстан Қокымбайқызы «Мемлекеттік педагогикалық сараманынан» Атырау облысы Жылыой ауданы Аккиізтоғай ауылы «№10 Амангелді атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде 12 апталық машықтан өтті. Аптасына 16 сағаттан берді. Оның ішінде тәрбие сағаты аптасына 1 рет, математика 5 рет, қазақ тілі 4 рет, әдебиеттік оқу 3 рет, жаратылыстану 2 рет, дүниетану 1 рет. Сараман барысында 7 тәрбие сағаты өткізілді. Ақпан айының 15-і «Отбасы-тәрбие бастауы» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына педагогикалық ұжым мүшелері шақырылып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен 2 «А» сыныбының жетекшісі қатысты. Наурыз айының 18-і наурыз мейрамына арналған «Наурыз -ұлыстың ұлы күні!» атты мерекелік шара өткізілді. Сараман барысында мамандығым бойынша 140 сабаққа қатысып, 120 сабақ өткізілді. Қаңтардың 29-ы күні «Әдебиеттік оқу» пәнінен «Атқа міну-өнер. Мен де атқа міне аламын. Алан Маршалл» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ барысында жана әдіс-тәсілдер қолданылды. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі мәтінді жүйелеуде қолданылды. Сонымен қатар «Венн диаграммасы» әдісін алдыңғы білім мен бүгінгі тақырыпты салыстыруда қолданды. «Математика» пәнінен «Текше(куб)» тақырыбында сабақ өткіздім. Сабақ шаттық шеңберінен басталып, оқушыларға топтық, жұптық , өзіндік тапсырмалар берілді. Оқушыларға шығармашылық тапсырма ретінде түтікшеден және ермексаздан текше жасау тапсырмасы берілді. Сабақ соңында «Вай-фай» әдісі арқылы кері байланыс жасалып, сабақты қызықты, көрнекілікпен өткізді. «Жаратылыстану» пәнінен «Жер сфералары дегеніміз не?» тақырыбында сабақ өткіздім. Сабақ барысында «Қапшықтағы фасоль» , «Сәйкестендіру» сияқты әдістері қолданылды. Сабақта топпен, жұппен, жеке жұмыс жасалынды. «Жеміс ағашы» әдісі арқылы кері байланыс жасалынып, әр түрлі әдістерді қолдану арқылы сабақты қызықты өткізді.

Зупарова Меруерт Мырзабекқызы Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Никельтау орта мектебінде 12 апталық «Мемлекеттік педагогикалық сараманнан» өтті.Сараман барысында әр сабақтан күрделі, әрі маңызды тақырыптар өткізді.Сабақтарымды мол дайындықпен өткізуге тырысты. Психологиялық дайындық, үй тапсырмасын тексеру, білу және түсіну, сергіту сәті, ширату тапсырмалары, қалыптастырушы бағалау, күнделіктеріне қойылатын баллдық шкаладағы бағалау, кері байланыс сияқты сабақтың бөлімдеріне

жеке-жеке тоқталып көп іздендім. Әр сабақтың басында психологиялық дайындықты ойын түрінде немесе уақыттың тығыздығынан көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын, ынталандыратын өлең шумақтарының көмегімен өткізді. Үй тапсырмасын тексеруде жиі қолданған әдіс-тәсілдер: «Матемтикалық эстафета», «Миға шабуыл», «Бір минуттық әңгіме». «Қар кесегі», «Ыстық орындық», «Ашық микрофон», «Екі дұрыс, бір бұрыс» және т.б. Жаңа сабақтың тақырыбын көбінесе бейнероликтер мен презентациялардың көмегімен түсіндірді. Қалыптастырушы бағалау «Күлегеш», «Бас бармақ», «Отшашу», «Мимика» «Бағдаршам», «Жапондық бағалау» сияқты әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылды. Ширату тапырмалары ретінде «Құпия ұяшықтар», «Құпия суреттер», «Сөзқұрбақ», «Ребус», «Галлерейаны шарлау» т.с.с әдіс-тәсілдерді қолданды. Сабақтың соңында міндетті түрде кері байланыс жүргізілді. Жиі қолданған тәсілдердің қатарына «Бес саусақ», «Шығу парағы», «WiFi», «Білім ағашы», «Жетістік баспалдағы», «Білімді кеме», «СМС» және т.б. әдіс-тәсілдерді жатқызуға болады. Оқушылардың білімдерін сынау мақсатында бастауыш сынып оқушыларының арасында «IQ Бала-2021» атты зияткерлік сайысын өткізді. Бұл сайыс қатысушылардың нақты білімдері мен шапшаңдығын талап етеді және топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, достыққа, топта жылдам байланысқа түсуге баулиды.

Салхаева Айгерім Маратқызы «Мемлекеттік педагогикалық сараманнан» Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Махамбет ауылы, Махамбет жалпы орта білім беретін «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені мектебінен 12 апталық машықтан өтті. 2 «А» сыныбының оқу-тәрбие жұмысымен танысты. Барлық сабақ мұғалімнің бақылауымен өткізді. Оқушылардың дәптерлерін, күнделіктерін тексеріп, кемшіліктерімен жұмыстанды. Сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын өткізді. Оқушылардың жолда жүру ережесін сақтауы мен белгілерін ұғыну үшін, қаңтар айының 27-ші жұлдызы күні «Жолда жүру ережесі» атты тәрбие сағатын ұйымдастырды. Ақпан айының басы «Жалпыадамзаттық құндылықтар» тақырыбы аясында, ақпан айының 4-ші жұлдызы күні тәрбие сағатын өткізді.

Жаңа білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес студенттер сыни ойлау стратегияларын қолданғандықтарын айтты. Мысалы «Венн диаграммасы», «Қар кесегі», «Артығын алып таста», «Сәйкестендір», «Сөйлемді толықтыр», «Жоқ сөздерді тап», «Ыстық орындық», «Домино», «Білім ағашы», «Жұбын тап», «Үндемес», «Пазл» т.б. Күнделікті сабақта «бағдаршам», «күлегештер», «бас бармақ», «от шашу», «мадақтау және ынталандырушы сөздер», «жетістіктер жолағы», «шапалақтау» әдістерін тиімді қолданумен қатар, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағында ұсынылған тапсырмаларды немесе өздері құрастырған тапсырмаларды беру арқылы бағалап отырды. Яғни, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланыс үнемі қамтамасыз етілді және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, арнайы дескрипторлары бар бағалау қолданылып отырды.

Студенттер білім алушыларды жеке тапсырмалардың критерийлерімен таныстыру, дескриптор құру, сұрақтарды тиімді қою, ауызша және жазбаша кері байланысты қамтамасыз ету, сыныптасын және өзін-өзі бағалауға үйрету, жалпы оқу үдерісін ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен іс жүзінде танысқандығын айтты. Сонымен қатар, мұғаліммен бірге бастауыш сынып пәндерінің оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар құрастырып және БЖБ,ТЖБ өткізу және нәтижелерін талдау

үдерісіне қатысып, балл қойып, ата-аналарға арналған ақпараттан тұратын рубрика дайындау жұмыстарына қатысты.

Ата-аналар жиналысы, мектеп ішілік шараларға қатысқандарын әсерлі баяндады. Бастауыш сыныптың оқушылары арасында тәрбие сағаттары және тәрбие шараларын ұйымдастыруда жақсы жетістіктерге ие болғандарын баяндады.

Практика бойынша ұйымдастырылған қорытынды онлайн конференцияға студенттер толық қатысып, жұмыстарына пікір айтылып, баға берілді. Топ студенттері өте жоғары деңгейде деңгейде өткендігі топ студенттеріне берілген мектеп директоры, сынып жетекшілердің жазған мінездемелері, жинақтаған практика құжаттарының өзі дәлел. Студенттер конференция соңында балаларды оқыту мен оларға тәрбие беру оңай жұмыс емес өте жауапты мамандық екендігін атап өтті. Себебі, бастауыш сынып әр оқушының іргетасын қалайтын шақ. Осы сараманнан өту барысында жетекшімнің нұсқауымен жиған білімімді тәжірибе жүзінде пайдалануға, оқушылармен, ұжыммен, мұғалімдермен қарым-қатынас орнатуды, атқаратын жұмыстарына ұқыптылықпен қарауды үйренгендерін жеткізді. Студенттердің практика құжаттары және видеоматериалдары дискіге салынып, толық тапсырылды.

Сараман жетекшісі:



Ерболат Б.Е.